

**Ф4.03-05**

**М. Эуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті**

**Қабылдау комиссиясының құрамымен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы  
заннама нормаларын түсіндіру бойынша кездесу**

**ХАТТАМА**

«06» маусым 2024 ж.

Сағат 12:00

С.Сүлейменов атындағы  
340 – мәжіліс залы

**Қатысқандар:** Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің жетекшісі Г.Дулатова, Кәсіптік бағдар беру орталығының директоры Т.Заурбеков және орталық қызметкерлері, қабылдау комиссиясының құрамы (қосымшада көрсетілген тізімге сәйкес - 53).

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын, М.Әуезов атындағы ОҚУ Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты, Әдеп кодексі мен Академиялық адалдық қағидалары нормаларын түсіндіру.

2. Қабылдау комиссиясы қызметінде копоративтік этика нормаларын сақтау, тәуекелдер және оларды жоюға бағытталған ұсынымдарды талқылау.

**Сөз алды:** Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы – комплаенс қызметінің жетекшісі Г.С.Дулатова.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 9 бабына сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесіне, жемқорлыққа қарсы білім беру мен мәдениетті арттырудың маңыздылығына тоқталды.

Сонымен қатар Кәсіптік бағдар беру және қабылдау комиссиясы қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тоқталып, тиісті ұсынымдар дайындалғанын атап өтті. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг, қаржылық бақылау шаралары, қаржылық шектеулер мен мұдделер қақтығысының алдын алу сияқты сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына ықпал ететін себептер туралы ақпараттандырыды.

Атап айтқанда, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының кез-келген көрінісі үшін жазаның бұлтартастығын, пайдакұнемдік сипаттағы іс-әрекеттер немесе жұмыс берушінің мұддесін жеке мақсаттарға пайдалану, алайқтық, заңсыз сыйақы алу, беру, талап ету, т.б. заң бұзушылықтар үшін жауаптылық түрлерін ескертті.

Қабылдау комиссиясының құрамына М.Әуезов атындағы ОҚУ-нің Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы сандарты, Әдеп кодексі және Академиялық адалдық қағидалары нормаларын таныстыру үшін жыл сайын кездесу

өткізіліп, ішкі актілер тиісті интернет-ресурстарға орналастырылатынын хабарлады.

Қосымша Сыбайлас жемқорлықта қарсы комплаенс-қызметінің кері байланыс арналары, әлеуметтік желі парапшалары және 1424 номерін таныстыруды.



Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша корпоративтік этика және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жасап, қоса тіркелген презентациядағы ақпараттарға кеңінен тоқталды (Қосымша №1).



Тәуекелдердің негізгі бағыттары:

- шығармашылық емтихандарды қабылдау барысына бақылаудың әлсіздігі;
- негіzsіз бағалау фактілері мен емтихан тізбелерін өзгеру ықтималдығы;
- қызметкерлер (техникалық хатшылардың) оқуға түсіру, қабылдау немесе өзге оқу орнына қабылдату мақсатында заңсыз сыйақы алу, беру, талап ету ықтималдығы;
- талапкерлерге мемлекеттік тапсырыс иеленуге ықпал ету түріндегі алайқтық;

- мұдделер қақтығысының орын алу мүмкіндігі.  
Әрбір тәуекелдің индикаторлары көрсетіліп, оларды жоюға бағытталған ұсынымдар таныстырылды.

Тәуекелдерді төмендегі мақсатында төмендегі шаралар ұсынылды:

- 2024 жылғы сәйкес білім беру бағдарламаларының шығармашылық тұсу емтихандарын бақылау үшін Мониторингтік топ тұру;
- шығармашылық емтихандар нәтижелерінің айқындығын қамтамасыз ету мақсатында шығармашылқ тұсу емтихандарының тізбесіне комплаенс-қызметті келісу нұктесі ретінде қосу.




Комплаенс-қызметінің ұсынымдары, іс-шара қатысушыларының ортақ талқылаулары нәтижесінде тиісті тұжырымдар жасалды.

#### ШЕШІМ:

1. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы мен «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕ АҚ-ның ішкі актілерінің нормалары басшылыққа алынын.
2. 2024 жылғы сәйкес білім беру бағдарламаларының шығармашылық тұсу емтихандарын бақылау үшін Мониторингтік топ тұру СЖҚҚҚ жетекшісі Г.Дулатоваға жүктелсін.
3. Шығармашылық тұсу емтихандарының тізбесіне комплаенс-қызметті келісу нұктесі ретінде қосу мүмкіндігін қарастыру және ұсыныс жобасын әзірлеу КББО директоры Т.Заурбековке жүктелсін.
4. Оқуға тусуге қатысты мәселелер бойынша азаматтардың өтініштері мен арыз-шағымдарын объективті қарau қамтамасыз етілсін.
5. Профилактикалық сипатта ұйымдастырылған іс-шара туралы ақпарат университеттің ресми интернет-ресурсы мен әлеуметтік желі парақшаларына орналастырылсын.

Басқарма төрағасы – ректор м.у.а.

  
К.Е.Нұрманбетов

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
комплаенс-қызметінің жетекшісі

  
Г.С.Дулатова

Хатшы:

  
Д.Құрасбек